

## **Сарыағаш аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына!**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 3-тармағына сәйкес, жетінші шақырылымдағы Сарыағаш аудандық мәслихатының кезекті жиырма төртінші сессиясы 2022 жылдың 19 тамыз күні сағат 16:00-де Сарыағаш аудан әкімдігінің мәжіліс залында өтетіндігін хабарлаймын.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы 2022 жылдың 19 тамыз күні сағат 10:00-де аудандық мәслихаттың мәжіліс залында өтеді.

Сарыағаш аудандық мәслихатының кезекті сессиясының онлайн трансляциясы [saryagashmaslihat.gov.kz](http://saryagashmaslihat.gov.kz) сайтында жүргізіледі.

### **Сессия қарауына енгізілген мәселелер:**

1. Аудан әкімінің өзіне жүктелген функциялары мен міндеттерінің орындалуы туралы;
2. Сарыағаш ауданының экономика және қаржы бөлімінің бір жылда атқарған жұмыстары туралы;
3. Сарыағаш ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің бір жылда атқарған жұмыстары туралы;
4. Сарыағаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің және жұмыспен қамту орталығының бір жылда атқарған жұмыстары туралы;
5. Сарыағаш ауданының жылу маусымына дайындығы туралы;
6. Жемісті ауылдық округі әкімінің өзіне жүктелген қызметтер мен міндеттердің орындалуы туралы;
7. Жібек жолы ауылдық округі әкімінің, оған жүктелген қызметтер мен міндеттердің орындалуы туралы;
8. Жылға ауылдық округі әкімінің өзіне жүктелген қызметтер мен міндеттердің орындалуы туралы;
9. Тегісшіл ауылдық округі әкімінің өзіне жүктелген қызметтер мен міндеттердің орындалуы туралы;
10. Көктерек кенті әкімінің өзіне жүктелген қызметтер мен міндеттердің орындалуы туралы;
11. Сарыағаш ауданының «Құрметті азаматы» атағын беру туралы;
12. Сарыағаш аудандық мәслихатының бақылауда тұрған шешімдері мен тұрақты комиссияларының қаулыларының орындалу барысы туралы;
13. Сарыағаш қаласы әкімінің, өзіне жүктелген қызметтер мен міндеттердің орындалуы туралы;
14. Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Сарыағаш аудандық №3 балалар және жасөспірімдер мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атқарған жұмыстары туралы;

15. Сарыағаш ауданында әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы;
16. Сарыағаш аудандық учаскелік сайлау комиссияларының кейбір мүшелерінің өкілеттілігін тоқтату туралы;
17. Сарыағаш ауданы әкімдігінің дербес құрамына өзгеріс енгізуіне келісім беру туралы;
18. Сарыағаш аудандық мәслихатының 2022 жылғы 24 мамырдағы № 21-150-VII Сарыағаш ауданы бойынша елді мекендердің шекараларын өзгерту туралы бірлескен шешімді жою туралы.

*Сессия қарауына келіп түсуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.*

**Аудандық мәслихат  
хатшысы**

**С.Таскулов**